**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Тағам өнімдерін тұрақты фортификациялау" жобасын іске асыру үшін грант беру туралы келісім-хатқа қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 ақпандағы N 150 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Тағам өнімдерін тұрақты фортификациялау" жобасын іске асыру үшін грант беру туралы келісім-хаттың (бұдан әрі - Келісім-хат) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

**АЗИЯ ДАМУ БАНКІ**

2004 жылғы 14 желтоқсан

Арман Дунаев мырзаға
Министр, АДБ Басқарушысы
Қаржы министрлігі
Жеңіс даңғылы, 33
Астана, Қазақстан, 473000

Құрметті Дунаев мырза,

**Қатысты: Жапония Кедейлікті азайту жөніндегі қоры (ЖКАҚ) -Тағам өнімдерін тұрақты фортификациялау (N 9052 ЖКАҚ гранты)**

1. Біз Азия Даму Банкі (АДБ) 2004 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Монғолия, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының (барлығы бірге - қатысушы елдер деп аталады) үкіметтеріне жәрдемдесу үшін Азық-түлікті фортификациялауды қолдау жобасына 2000000 (екі миллион) АҚШ доллары бағамынан аспайтын мөлшерде ЖКАҚ (ЖКАҚ көмегі) желісі бойынша грант (ЖКАҚ Гранты) беру туралы шешімді бекіткенін қуанышпен хабарлаймыз.

2. ЖКАҚ Гранты жөніндегі Есепте көрсетілгенін (осы құжатқа 1-қосымша),

Қазақстан бойынша іс-шараларға жауапты Атқарушы Агенттік (АА) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі болады (ДСМ). Үйлестіру және басқару жөніндегі өңірлік офис (ҮБӨО) Алматы қаласында орналасатын болады. ҮБӨО-да ЖКАҚ гранты қаражаты есебінен АДБ жалдаған өңірлік үйлестіруші, қаржы жөніндегі маман және әкімші жұмыс істейтін болады. ҮБӨО ЖКАҚ Гранты жөніндегі Есепке 3-қосымшаның 3-параграфында көрсетілгеніндей, АДБ тікелей қадағалау жөніндегі жобаны үйлестіру жөніндегі орталық орган ретінде жұмыс істейді, сондай-ақ АДБ мен Қатысушы елдер үкіметтері уағдаласуы мүмкін басқа да міндеттерді орындайтын болады. Қазақ Тағамтану академиясы (ҚТА) АДБ мен ҮБӨО-дің техникалық консультанты болады және ЖКАҚ Грантына қатысатын басқа да елдердің тағамтану институтымен ақпарат алмасуына ықпал ететін болады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) ЖКАҚ Грантының қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаның тиісінше жүзеге асырылуына және нәтижелілігіне күш салады және осы жобаның іске асырылуына: (і) ЖКАҚ Гранты жөніндегі Есепте; (іі) АДБ мен Үкімет арасында келісілетін нақты Елдік Инвестициялық Жоспарда (ЕИЖ); (ііі) осы құжатқа 2-қосымшада белгіленген және ЕИЖ-да айтылған нақты төлемдер шарттарында; (iv) осы құжатқа 3-қосымшада айтылған келісімдерде және төменде келтірілген ережелерде айтылған уағдаластықтарға сәйкес тартылған министрліктер мен ведомстволар ықпал ететін болады.

4. АДБ Жапония Үкіметі мен АДБ арасындағы келісімге, ЖКАҚ Гранты жөніндегі Есепке және төменде айтылған ережелерге сәйкес ЖКАҚ-тың көмегімен басқаратын болады.

5. Үкімет ЖКАҚ Гранты қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаны жүзеге асыру үшін ЖКАҚ көмегі ЖКАҚ қаражаты шеңберінде ұсынылатын қаражатқа қосымша қажетті талап етілетін қаражатты, үй-жайларды, қызметтерді, жабдықтар мен басқа да ресурстарды ( *ыңғайласпа ресурстар* ретіндегі) уақтылы бөледі. Ыңғайласпа ресурстар ЕИЖ-ге сәйкес бөлінуі тиіс. ЕИЖ-ді АДБ мен Үкімет грант бойынша төлемге дейін келіседі және бекітеді. ЕИЖ-ге АДБ-ның алдын ала келісімінсіз ешқандай толықтыру енгізуге болмайды.

6. Егер АДБ-мен жасалған келісімде өзгеше көзделмесе, Үкімет ЕИЖ-де белгіленген шығыстарды қаржыландыру үшін ЖКАҚ қаражатын пайдалануы тиіс.

7. Егер АДБ-мен жасалған келісімде өзгеше көзделмесе, Үкімет ЖКАҚ Гранты есебінен қаржыландырылатын жобаның мұқтаждары үшін ғана ЖКАҚ қаражатынан төленетін барлық тауарларды, қызметтер мен басқа да шығыстар түрлерін пайдалануы тиіс.

8. (а) ЖКАҚ көмегі қаражатынан төленетін кез келген тауарлар мен қызметтерді ( консультанттардың қызметінен басқа) жеткізу "Азия Даму Банкінің кредиттері шеңберінде жеткізу жөніндегі басшылыққа" (1999 жылғы ақпан, кейін енгізілген

толықтыруларымен) сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. АДБ мен ДСМ арасындағы келісім бойынша жекелеген материалдар мен жабдықтарды жеткізуді ҮБӨО үйлестіретін болады. Осылайша барлық қатысушы елдер үшін жабдықтар мен материалдарды жеткізу барлық елдердің мұқтаждарын жабу үшін жүзеге асырылатын болады: алайда жеткізілімдер жекелеген келісім-шарттар мен тауарлардың үлгілері бойынша жүргізілетін болады. Ұсыныстар тендерін АДБ-ның жәрдемімен ҮБӨО жүргізеді. Тендердің жеңімпазын жариялағаннан кейін ДСМ онымен тиісті тауарларды жеткізуге келісім-шарт жасасатын болады.

(b) ЖКАҚ Гранты қаражатынан төленетін барлық қызметтер үшін консультанттарды жалдау "Азия Даму Банкінің және оның қарыз алушыларының консультанттарды жалдауы жөніндегі басшылықтың" (2004 жылғы сәуір, кейін енгізілген толықтыруларымен) ережелеріне және жергілікті консультанттарды жалдау кезінде АДБ үшін қолайлы өзге де талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Консультанттарға міндеттер мен талаптар ЖКАҚ Есебіне 3-қосымшаның 5-параграфында жазылған.

9. ЖКАҚ көмегі қаражатынан мемлекеттік ұйымдар (яғни орталық, жергілікті басқару органдары мен мемлекеттік институттар) ешқандай жергілікті салықтар мен алымдар төлемейді.

10. Үкімет ЖКАҚ Гранты есебінен қаржыландырылатын жобада көрсетілген қаражаттың пайдаланылуын көрсету мақсатында ЖКАҚ қаражатынан төленетін тауарларға, қызметтер мен өзге де шығыстар құжаттарына және оны жүзеге асыру прогресіне (көрсетілген шығындарды қоса алғанда) қатысты тиісінше бухгалтерлік есептер мен есептіліктерді жүзеге асырады немесе жүзеге асыруға шаралар қабылдайды.

11. (a) Үкімет (i) ЖКАҚ Гранты бойынша жекелеген шоттарды жүргізеді немесе жүргізуге шаралар қабылдайды; (ii) тиісінше кезекті қолданылатын аудиторлық нормаларға сәйкес осы есеп шоттар мен тиісті қаржылық есептерді жыл сайын аудиторлық тексеруді ұйымдастырады; тексерулерді біліктілігі, тәжірибесі және қойылған міндеттері АДБ үшін қолайлы болып табылатын тәуелсіз аудиторлар жүзеге асыруы тиіс; (iii) АДБ мүмкіндікке қарай, бірақ ешбір жағдайда әрбір тиісті қаржылық жыл аяқталысымен 6 айдан кешіктірмей, осындай аудиторлық есептер мен қаржылық есептердің, сондай-ақ оларға қатысты аудиторлық есептердің (ЖКАҚ қаражатының пайдаланылуын аудиторлардың бағалауын, сондай-ақ аванс шоты үшін қолданылатын рәсімдерді және ЖКАҚ Грантын жүзеге асыру кезінде келтірілген шығындар туралы есепті қоса алғанда) расталған көшірмелерін ұсынады, барлық құжаттама ағылшын тілінде берілуі тиіс және (iv) АДБ осындай есептер туралы өзге де ақпаратты, қаржылық есептілікті және АДБ-нің бір жолғы сұранымы бойынша аудиторлық ақпаратты ұсынады.

(b) Үкімет АДБ-ға оның сұранымы бойынша тиісті аудиторлармен ЖКАҚ Гранты

жөніндегі қаржылық есептілікті дүркіндік талқылауға мүмкіндік береді, ұйымдастырады және АДБ-ның сұрауы бойынша осындай талқылауларға қатысу үшін мұндай аудиторлардың өкілін шақырады; бұл ретте осыған ұқсас кез келген талқылаулар, егер келісімде өзгеше көзделмесе, Үкіметтің уәкілетті өкілінің қатысуымен ғана жүргізілетін болады.

12. Үкімет АДБ өкілдеріне ЖКАҚ Грантын, тауарларды, қызметтерді және оған қатысты өзге де жазбалар мен құжаттарды тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

13. (a) ЖКАҚ қаражатының бастапқы төлемін АДБ осы Келісім-Хатты Үкімет растағаннан кейін ғана жүргізеді. ЖКАҚ қаражаты, егер АДБ мейлінше кейінгі күнді бекіткен болса, АДБ 2006 жылғы 31 қазаннан, яғни күтілетін Жобаны аяқтаған күннен кейін төлемейді.

(b) Үкімет ЖКАҚ Грантынан ЖКАҚ қаражатын төлеуді ұйымдастыру үшін мұндай өтінімдердің қол қою үшін өкілеттіліктерін және мұндай өтімдердің жеткіліктілігін растауға қаражат жұмсау жөніндегі өтінімдерге арналған осы құжатқа 2-қосымшада көрсетілгеніндей АДБ-ға қолайлы рәсімдердің және Үкімет пен АДБ қабылдаған өзге де нақты рәсімдердің қамтамасыз етілуін қадағалайды немесе қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды.

(c) Үкімет осы құжаттың 2-қосымшада жазылған ережелерге сәйкес аванс шотын ашады.

(d) Шығындар бойынша есептілік рәсімдері (ШЕР) осы құжаттың 2-Қосымшасында жазылған шарттарға сәйкес ЖКАҚ Гранты бойынша қолайлы шығындарды өтеу үшін және аванс шотында жүргізілген аванс төлемдерін өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

14. (a) Үкімет АДБ (i) ЖКАҚ қаражатын пайдалануға; (ii) тауарларға, қызметтерге және қаржыландыру көзі ЖКАҚ қаражаты болып табылатын басқа да шығыс түрлеріне ; (iii) ЖКАҚ Грантына және (iv) ЖКАҚ көмегінің мақсаттарына байланысты кез келген басқа да мәселелерге қатысты талап етуге негіз болатын барлық есептер мен ақпараттарды АДБ-ға береді немесе беруге шаралар қабылдайды.

(b) Жоғарыда айтылған ережелерді шығынсыз қолдану үшін Үкімет ЖКАҚ Грантының орындалу барысы туралы тоқсан сайынғы және аралық есептерді АДБ-ға береді немесе беруге шаралар қабылдайды. Бұл есептер есептіліктің нысанына, мазмұны мен мерзіміне АДБ белгілеген талаптар ескеріле отырып беріледі.

(c) ЖКАҚ Грантының нақты аяқталған күнінен бастап 3 ай ішінде Үкімет ЖКАҚ көмегі міндеттерінің орындалуы туралы АДБ белгілеген нысан мен мазмұн бойынша есеп дайындайды және АДБ-ға береді.

15. ЖКАҚ Грантын уақтылы және тиімді қамтамасыз ету мақсатында Үкімет АДБ-мен ынтымақтасады және осы мақсаттарда өздерінің шенеуніктері, агенттері мен өкілдері үшін тиісті өкімдер береді.

16. Үкімет пен АДБ тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша ЖКАҚ Гранты жөнінде пікір алмасады және консультанттар дайындаған есептер мәселелері бойынша

және осы есептерде көрсетілген ұсыныстардың орындалуы бойынша кеңес алатын болады.

17. АДБ консультанттар дайындаған есептердің АДБ сәйкес деп санаған кез келгенін пайдалана алады, бұл есептер, егер Үкімет пен АДБ арасындағы келісімдерде өзгеше көзделмесе, халыққа жариялануы да мүмкін.

18. Үкімет ДСМ-да Елдік Жобалық Офисті (ЕЖО) және Грантты бақылау үшін басқарушы комитетті құруды қамтамасыз етеді. ЕЖО-ның құрамында конкурстық негізде жалданған елдік жобалық үйлестіруші, қаржы жөніндегі маман және әкімші-көмекші болуы тиіс. Басқару комитетінің құрамында ЖКАҚ Есебіне 3-Қосымшаның 4-параграфында көрсетілген өкілдер болуы тиіс.

19. Үкімет кез келген уақытта ел үшін бөлінетін көмектің бөлігін тоқтату туралы АДБ-ға жазбаша өтініш жасай алады; бұл ретте егер Үкіметтің ыңғайласпа ресурстары көзделетін ЖКАҚ Грантының бөлігінде ҮБӨО міндеттемелері күшіне енген болса, онда ЖКАҚ көмегі тең түрде жалғаса береді және егер Үкімет пен АДБ арасындағы келісімдерде өзгеше көзделмесе, Үкіметтің міндеттемелері орындалатын болады.

20. (a) АДБ кез келген уақытта, АДБ-ның пікірі бойынша ЖКАҚ Грантын табысты жүзеге асыруға кедергі болатын немесе оның мақсаттарына жетуіне немесе орындалуына бөгет жасайтын кез келген жағдайлар туындағанда осы Келісім-Хаттың мерзімдері мен шарттарына сәйкес ЖКАҚ көмегін тоқтата тұрады немесе Үкіметпен кеңескеннен кейін толық немесе ішінара тоқтата алады.

(b) Егер АДБ (i) Үкіметпен кеңескеннен кейін ЖКАҚ Грантының мақсаттары үшін ЖКАҚ көмегі қаражатының бөлігі қажет болмағанын немесе (ii) кесірлі немесе алдамшы әрекеттерді Үкіметтің, ДСМ өкілдері немесе ЖКАҚ Грантын жүзеге асыру барысында немесе сатып алуға немесе консультациялық қызметтерге қатысты немесе ЖКАҚ Гранты үшін тиісті келісім-шартты орындау кезінде өзге бенефициар жасағанын және Үкімет ахуалды дұрыстау үшін АДБ үшін қолайлы уақтылы әрі барабар әрекеттер қолданбағанын немесе (iii) ЖКАҚ көмегі қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттардың кез келгені бойынша жеткізу осы құжаттың 2-қосымшасында немесе ЕИЖ-ды қоса алғанда осы Келісім-Хатта белгіленген және оған қатысты рәсімдерге сәйкес келмейтінін анықтаса, АДБ Үкіметтің ЖКАҚ көмегі қаражатын жұмсау құқығын тоқтату туралы Үкіметті хабардар ете алады. АДБ-ның мұндай хабарламасын алысымен тиісті бөлікте ЖКАҚ көмегі тоқтатылуы мүмкін.

21. ЖКАҚ Гранты аяқталысымен АДБ ЖКАҚ қаражаты есебінен алынған кез келген жабдықты Үкімет пен АДБ-ны қанағаттандыратын шарттар мен жағдайларда Үкіметке немесе Үкімет нұсқаған кез келген басқа ведомствоға тапсыра алады.

22. Қорытындылары кедейлікті азайту жөніндегі Үкіметтің іс-қимылдарына ықпал етуі үшін АДБ ЖКАҚ Грантының орындалу нәтижелерін бақылайтын болады.

23. Нақты ақпараттар және грантты игерудің негізгі аспектілері Грантты іске асыру жөніндегі Басшылықта көрсетілетін болады.

24. Аталған Келісім-Хат Үкіметке міндеттемелер, құқықтар мен жауапкершілік жүктейтін бөлікте Үкіметтің көрсетілген міндеттемелері, құқықтары мен жауапкершілігі ЖКАҚ қаражатының ұсынылған бөлігі шегінде ғана қолданылады.

25. Егер аталған ережелер сіз үшін қолайлы болып табылса, төменде көрсетілген жерлерге Үкіметтің атынан осы хаттың екі данасына да қол қойыңыз. Қол қойылған бір данасын АДБ-ға қайтарыңыз.

26. Мен ЖКАҚ Грантын әкімшілендіруге қатысты барлық мәселелер үшін жауап беремін. Осылайша, осы мәселелер жөніндегі барлық хат-хабарды маған жолдауыңызға болады. Рие Хираока ханым, Әлеуметтік секторлар бөлімшесінің аға маманы, Шығыс және Орталық Азия Департаменті, ЖКАҚ Грантын жүзеге асыру жөніндегі жауапты адам болып табылады.

Құрметпен,

________________

Роберт Витол

Әлеуметтік секторлар бөлімінің

Директоры

Шығыс және Орталық Азия

Департаменті

Азия Даму Банкі

Расталды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан:

_________________________________

Аты: ____________________________

Лауазымы: _______________________

Күні: ___________________________

Қосымша:

Көшірме: Ерболат Досаев мырзаға, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, факс (7-3172) 337-327

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Тағам өнімдерін тұрақты фортификациялау" жобасын іске асыру үшін грант беру туралы Келісім-хатқа 1-қосымша

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ ЖКАҚ: REG 32143

## ГРАНТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

## (Кедейлікті Азайту жөніндегі Жапон Қорынан қаржыландырылады) ТАҒАМ ӨНІМДЕРІН ТҰРАҚТЫ ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ

**МАҚСАТЫНДА**
**ҚАЗАҚСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, МОНҒОЛИЯ, ТӘЖІКСТАН, ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ҮШІН**

Маусым 2004

## Қысқарған сөздер тізімі

АА - Атқарушы Агенттік
АДБ - Азия Даму Банкі
АӨК - Ана өлімі көрсеткіші
БМСК - Бастапқы медициналық-санитарлық көмек
БӨК - Балалар өлімі көрсеткіші
ЕЖО - Елдік Жобалық Офис
ЖКАҚ - Кедейшілікті төмендету жөніндегі Жапон Қоры
ЙТБ - Йод тапшылығы бұзылулары
ҚҚК - АДБ қызметкерлерінің жобаларды қарастыру жөніндегі комитеті
МДДМ - Мыңжылдықты дамыту Декларациясының Мақсаты
СЭҚ - Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет
ТЖЙ - Тұзды жалпыға ортақ йодтау
ТТА - Темір тапшылығы анемиясы
ҮЕҰ - Үкіметтік емес ұйымдар
ҮБЖӨО - Үйлестіру және Басқару жөніндегі Өңірлік Офис
ЮНИСЕФ - БҰҰ Балалар Қоры
Ескерту: Осы баяндамадағы "$" символы АҚШ долларын білдіреді

## ЖАПОНИЯ ҚОРЫ (ЖКАҚ) КЕДЕЙЛІКТІ АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ

ЖКАҚ гранты бойынша ұсыныс

| I. Негізгі деректер | |
|---|---|
| Ұсынылатын қызмет | Орталық Азия мен Монғолияда азық-түлікті орнықты тағамдарды фортификациялау |
| Ел | Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Монғолия, Тәжікстан және Өзбекстан |
| Сұралатын грант сомасы | $2,000,000 |
| | |

| | |
|---|---|
| Өңірлік жоба | иә |
| Грант тұрпаты | Әлеуетті нығайту |

## II. Гранттың дамытуға арналған мақсат(тар)ы және жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

**Гранттың дамытуға арналған мақсаттары:**

Жобаның мақсаты Орталық Азияның аз қамтылған балалары мен аналарындағы йод тапшылығы аурулары (ЙТА) мен темір тапшылықты анемия (ТТА) азайту үшін бір мезгілде: жеткізуді (фортификатталған азық-түліктерді өндіру және бөлу); тұтынуды (халықты хабардар ету және сұраныс жасау); және нормативтік базаны (сапаны бақылау, заңнамалық және нормативтік кесімдерді іске асыру мен саудада көмектесу) арқылы орнықты ортаны нығайту және құру болып табылады. Жобаның ерекше мақсаттары: (i) үй шаруашылығында йодталған тұзды 90% орнықты тұтынуға қол жеткізу және қамтамасыз ету; (ii) ұнды жалпы тұтыну көлемінің үштен бірін аз көлемде орнықты фортификаттауды қамтамасыз ету; (iii) сапалы фортификатталған азық-түлікті өндіру бойынша жекеменшік және қоғамдық секторлардың әлеуетін құру; (iv) Орталық Азия елдері арасында фортификаттау процесін дамыту және сапалы фортификатталған азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық базаны немесе марапаттау модельдерін дамыту; және (v) тұтынушыларды ЙТА мен ТТА-ның алдын алу, сондай-ақ микроэлементтерге бай азық-түліктердің пайдасы туралы хабардар болып табылады.

**Жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

(i) Йодталған тұзды пайдаланатын үй шаруашылықтарының санын 90%-ға дейін өсіру

(ii) Әр елде тұрақты жұмыс істейтін және жыл сайын қажетті көлемде калий йодатын алудың орнықты тетіктерін жасау

(iii) Елдер үшін айрықша міндеттерге сәйкес фортификатталған ұнды коммерциялық өндіру көлемін ұлғайту

(iv) Премиксті алу және/немесе өндірудің ұлттық тетіктерін жасау

(v) Әр елде жалпыға бірдей ұнды фортификаттауға көмектесу үшін нормативтік және заңнамалық кесімдер қабылдау; және фортификатталған ұн мен йодталған тұзды трансшекаралық жеткізуді қамтамасыз ететін сауда рәсімдерін жасау.

## III. Гранттық қаражат шығыстарының бабы, есеп айырысу сомалары және сметалық қаражаттың пайыздық ара қатынасы

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| Шығыстар бабы | Грант қаражатының сомасы, $ | Шығыстар пайызы |
| --- | --- | --- |
| 1. Жабдықтар мен шығыс материалдары | 414,000 | 20.7 |
| 2. Тренингтер, конференциялар, қоғамдық кампаниялар | 549,000 | 27.5 |
| 3. Консультанттардың қызметтері | 302,500 | 15.1 |
| 4. Жобаны басқару | 225,000 | 11.2 |
| 5. Басқа да шығыстар (үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҚҰ) жобалары, операциялық зерделеулер, зерттеулер) | 427,200 | 21.4 |
| 6. Көлденең шығыстар | 82,300 | 4.1 |
| Жиыны | 2,000,000 | 100.0 |
| Қосымша шығындар | 100,000 | 5.0 |

## ЖКАҚ гранты бойынша ұсыныс

## Негіз қалаушы ақпарат

| **А. Басқа деректер** | |
| --- | --- |
| Өтініш берілген күн | 2003 жылғы 18 қараша |
| Жоба жөніндегі қызметкер | Рие Хираока, Әлеуметтік секторлар бөлімінің аға маманы |
| Басқарма, электронды пошта, телефон | Әлеуметтік секторлар басқармасы, Шығыс және Орталық Азия Департаменті, rhiraoka@adb.arq, 632-6815 (жергілікті), 632-5426 (тікелей) |
| Баяндаманы редакциялауға/карауға рұқсаты бар басқа қызметкерлер | Кэти Виола, cviola@.arq. |
| Сектор | Әлеуметтік сектор |
| Тақырыбы | Микроэлемент жетіспеушілікті азайту |
| АДБ қаржыландыратын ассоциацияланған жобалардың атаулары | Жас балаларды қауымдарда дамыту жөніндегі жоба [1], Денсаулық сақтау секторындағы реформалардың жобасы [2], Денсаулық сақтау секторын дамыту жөніндегі екінші жоба [3] және ана мен баланың денсаулығын сақтау жөніндегі жоба [4] |
| | Ерболат Досаев мырза Денсаулық сақтау министрі, Қазақстан Тел: (7-3172) 317409 Факс: (7-3172) 337327 |

| | |
|---|---|
| Атқарушы Агенттік | Муталип Мамытов мырза<br>Денсаулық сақтау министрі, Қырғыз Республикасы<br>Тел: (996-312) 228697<br>Факс: (996-312) 660493<br>П.Ньямдаваа мырза<br>Денсаулық сақтау министрі, Монғолия<br>Тел: (976-11) 320916/451807<br>Факс: (976-11) 320916<br>Нусратулла Файзуллаев мырза<br>Денсаулық сақтау министрі, Тәжікстан<br>Тел: (992-372) 211835/211248<br>Факс: (992-372) 217552<br>Феруз Назиров мырза<br>Денсаулық сақтау министрі, Өзбекстан<br>Тел: (998-712) 411680<br>Факс: (998-712) 1441033 |
| Грантты іске асыратын агенттік | Жоғарыда көрсетілгендер |

______________________________

[1] 2003.АДБ. Президенттің баяндамасы және Директорлар Кеңесіне Қырғыз Республикасына көпшілік көзқараспен негізделген жас балаларды қауымда дамыту жөніндегі жоба бойынша қарыз беру жөніндегі ұсыныстары. Манила.

[2] 2003.АДБ. Президенттің баяндамасы және Директорлар Кеңесіне Тәжікстанға Денсаулық сақтау секторындағы реформалардың жобасы бойынша қарыз беру жөніндегі ұсыныстары. Манила.

[3] 2003.АДБ. Президенттің баяндамасы және Директорлар Кеңесіне Монғолияға Денсаулық сақтау секторын дамыту жөніндегі екінші жоба бойынша қарыз беру жөніндегі ұсыныстары. Манила.

[4] 2004.АДБ. Президенттің баяндамасы және Директорлар Кеңесіне Өзбекстанға ана мен баланың денсаулығы жобасы бойынша қарыз беру жөніндегі ұсыныстары. Манила.

**B. Ұсынылатын гранттық көмекті нақты сипаттау**

**1. Бақыланатын құраушы/нәтижелердің компоненттерін сипаттау және Жобаны іске асыру жоспары**

| **А компоненті** | |
|---|---|
| Компоненттің атауы | Тұз өнеркәсібінің және ұн өндірісінің әлеуетін нығайту |
| Құны ($) | 286,000 |
| | Бұл компонент фортификанттарды, жабдықтар мен азық-түлікті фортификаттау үшін қажетті құраушыларды сатып алу бойынша тұз өнеркәсібінің және ұн |

| | |
|---|---|
| Компоненттің сипаты | өндірісінің мүмкіндіктерін жасауға бағытталған. Ұн индустриясы, кәсіпорындар мемлекеттік меншіктегі Өзбекстанды қоспағанда, жекеменшік болып табылады. Жоба өндірушілер қауымдастығын құруға әрі нығайтуға және тұз өндірушілерді азық-түлікті сатып алуға және фортификаттау технологиясына үйретуге көмектеседі. Техникалық консультациялық көмек (ТК) жеткізушінің спектрі мен сатып алу шарттарын айқындауды қоса алғанда, ұн өндірушілерді премикстің халықаралық рынокқа шығуға қол жеткізуге ықпал етеді. |
| Бақыланатын құраушы/нәтижелер | (i) Фортификатталатын тұз бен ұнды өндіруді көбейту<br>(ii) Сатып алу жүйесін құру және оны қатысушы мекемелер мен кәсіпорындардың қолдануы<br>(iii) Сапаны бақылау жүйесін құру және оны өндіріске енгізу |
| Негізгі іс-шара-ларды іске асыру: Грант бойынша іс-шараларға арналған айлардың саны | 24 ай |
| **В компоненті** | |
| Компоненттің атауы | **Үкіметтің әлеуетін нығайту** |
| Құны ($) | 270,000 |
| Компоненттің сипаты | Бұл компонент азық-түлікті фортификат-тау жөніндегі заңнамалық және нормативтік кесімдерді іске асыру бойынша тетіктерді дамытуға және нығайтуға; тұздың сатылуын шекаралық бақылауды қоса алғанда, сапаны мемлекеттік бақылауды жетілдіруге, өңірде фортификатталған азық-түліктің саудасын ықпал етуі тиіс нормативтік базалар мен келісімдерді дамытуда Үкіметтерге көмектесуге бағытталған. Жоба Үкіметтерге заңнамалық және нормативтік кесімдерді дамытуға; оқытуға және тағамды бақылауға жауап беретін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерге (СЭҚ) зертханалық жабдықтарды жеткізуге ТК көрсетеді. |
| | (i) Үкіметтің заңнамалық және нормативтік кесімдерді әзірлеуі және қабылдауы |

| | |
|---|---|
| Бақыланатын құраушы/нәтижелер | (ii) Стандарттарға сай фортификатталған тұз бен ұнның үлесін көбейту (iii) Тағамдық тұтыну үшін йодталмаған тұздың импортын тоқтату |
| Негізгі іс-шараларды іске асыру: Грант бойынша іс-шараларға арналған айлардың саны | 24 ай |

| | |
|---|---|
| **С компоненті** | |
| Компоненттің атауы | **Әлеуметтік жұмылдыру және кедейлікпен күрес** |
| Құны ($) | 815,500 |
| Компоненттің сипаты | Бұл компонент жұртшылықты хабардар етуге және микроэлементтерге бай тұз бен ұнды қолдануға; халықтың аз қамтылған топтары үшін фортификатталған тұз бен ұнның бастамашыл іс-шараларын қолдауға көмектесуге бағытталған. Жоба ақпарат беру жөніндегі компанияларды, әртүрлі деңгейлердегі ақпарат құралдары арқылы оқыту мен коммуникацияны; сондай-ақ азаматтық қоғамның күшімен әлеуметтік жұмылдыру мен маркетингті қолдайтын болады.<br><br>Іс-шаралар өндірушілер мен сауда агенттерінің йодталған тұздың сапасын бақылауын қамтитын болады. Компонент елдік немесе өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың аз қамтылған топтарын фортификатталған азық-түлікке қол жеткізуін жақсарту бағытталған бастамашыл іс-шараларға ықпал ететін болады. Мұндай бастамашыл іс-шаралардың бірқатары қуаты аз ұн тартатын кәсіпорындарда өндірілетін ұнды ұжымдық фортификаттауға, сондай-ақ микроэлементтердің таблеткаланған нысандарының және үйде дайындалған тағамды қосымша фортификаттау мақсатында "үйде тұтынуға арналған" микроэлементтердің қатталанған мөлшерлерінің сапплементаттауды қолдай отырып, азық-түлікті фортификаттау бойынша күш алуға қол жеткізеді. |
| Бақыланатын құраушы/нәтижелер | (i) Фортификатталатын тұз бен ұнға сұранысты көбейту (ii) Аз қамтылған топтардың фортификатталған азық-түлікке қол жеткізуін жақсарту |
| | |

| | |
|---|---|
| Негізгі іс-шара-ларды іске асыру: Грант бойынша іс-шараларға арналған айлардың саны | 24 ай |

| | |
|---|---|
| **D компоненті** | |
| Компоненттің атауы | **Жобаны басқару, мониторингі және бағалау** |
| Құны ($) | 546,200 |
| Компоненттің сипаты | Бұл компонент Қатысушы-елдерде жобаның іске асырылуын және Елдік Жобалық Офистен (ЕЖО) әрқайсысының инвестициялық жоспарларды орындау жөніндегі қызметін күнделікті бақылауды жүзеге асыратын болады. Жоба аралығы 6 ай болатын техникалық және мониторингтік семинарлар мен жобаның жыл сайынғы аудитін қарастырады.<br>Жоба фортификатталған азық-түлікті тұтынудың әсері туралы сентинельді зерттеулер арқылы мұқият бағалауды; фортификатталған азық-түлікті экономикалық және қаржылық талдауды және ЙТА мен ТТА-ны азайту жөніндегі басқа да іс-шараларды қарастырады. |
| Бақыланатын құраушы/нәтижелер | (i) жоба бойынша тоқсан сайын есептер<br>(ii) Жыл сайын шолу баяндамалары (келесі жылға)<br>(iii) Айлық қаржылық есептер<br>(iv) Жыл сайынғы аудиторлық қаржы есептері<br>(v) Жобаның аяқталуы туралы есеп<br>(vi) Бағалар туралы есеп (сентинельді зерттеулерді, экономикалық және қаржылық талдауды қоса алғанда) |
| Негізгі іс-шаралар-ды іске асыру: Грант бойынша іс-шараларға арналған айлардың саны | 25 ай |

## 2. ЖКАҚ қаражатынан гранттық көмек ұсынуға арналған қаржылық жоспар

| Қаржыландыратын ұйым | Сома ($) |
|---|---|
| ЖКАҚ | $2,000,000 |
| Үкімет | $546,000 (материалдық және өзге нысанда) |
| | |

| | |
|---|---|
| Тұз және ұн кәсіпорындары | $2,000,000 (жабдықтарды, фортификант-тарға салымдарды бағалау және оқытуды қосалқы қаржыландыру) |
| Барлығы: | $4,881,000 |

**3. Қорытынды**

Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Монғолия, Тәжікстан және Өзбекстан Үкіметтері йод тапшылығын жою және ТТА мен фолий жетіспеушілігін азайту мақсатында біртұтас. Мұндай микроэлементтік бұзылулар Орталық Азияда, көптеген дамушы елдерде [5] бұдан да көп кездеседі. Жобаның шеңберіндегі аудандардағы [6] бастапқы сентинельді зерттеулер туралы деректер (Ескерту: БҰҰ-ның Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) өңірдегі микроэлемент жетіспеушілігін азайтуға белсенділікпен қатысты және Жобаның барысындағы әртүрлі қызмет түрлерін қолдауды жалғастырып келеді. ЖКАҚ мен ЮНИСЕФ өз жұмысын, әсіресе, коммуникациялық стратегияны дамытуда және Үкіметтермен саяси диалогта үйлестіретін болады.) мен медициналық-демографиялық зерттеулер төменде көрсетіледі. Сентинельді зерттеулер ЖКАҚ 9005 жобасының пилоттық ауданында, ЙТА мен ТТА бойынша ұлттық репрезентативтік деректер ретінде емес, фортификатталған тұз бен ұнды тұтынудың әсерін құжаттық зерттеу ретінде ойластырылған болатын.

______________________________

[5] Бес ел ЖКАҚ 9005 мақсаттары мен міндеттеріне қатты берілгенін көрсетті, бұл фортификаттаудың орнықты процесін қамтамасыз ету үшін қолдауды жалғастырудың алғы шарты болды. Азия Даму Банкі (АДБ) Әзербайжанмен байланысты жалғастырады және бұл елдің микроэлемент жетіспеушілігін азайтуда саяси еркіндігі болғанда, ол үшін жекелеген қолдау мүмкіндігін қарастырады.

[6] АДБ. 2001. Азияның дамушы елдеріндегі аз қамтылған аналар мен балалардың тамақтануын жақсарту үшін Қазақстанға, Қырғыз Республикасына, Монғолияға, Тәжікстанға және Өзбекстанға арналған грант.

Тексерулер мен бастапқы сентинельді зерттеулер өңірде (1-3 кестелер) ЙТА, темірдің аздығы, фолий қышқылының жетіспеушілігі мен ТТА-ның таралғандығын растады.

Балалар халықтың тамақтану мәртебесі болғандықтан, олардың нутрионалдық жағдайы бойынша деректер зерделенген болатын.

**1-кесте. Балаларда анемияның таралуы (%)**

| Ел | Медициналық-демографиялық зерттеу | Сентинельдік зерттеу (гемоглобин) | Сентинельдік зерттеу (ферритин) [a] |
|---|---|---|---|
| Қазақстан | 48.9 (1999) | 53.1 | 50.0 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қырғыз Республикасы | 38.0 (1997) | 16.9 | 14.4 |
| Монғолия | 42.2 (1999) | 12.5 | 12.5 |
| Тәжікстан | өткізілген жоқ | 73.8 | 75.0 |
| Өзбекстан | 60.8 (1996) | 41.9 | 31.4 |

[a] Қан сарысуындағы ферритиннің деңгейі ағзада темірді салыстырмалы ұстап корреляциялайтын биохимиялық көрсеткіштер болып табылады. Сарысудың аз болуы ағзадағы темірдің азайғанын білдіреді және темір тапшылығының өршуіне әкеледі.
Көзі: Сентинельді зерттеу (2003)

**2-кесте. Несептегі йодтың деректері бойынша балаларда йод тапшылықты аурулардың таралуы (%)**

| Ел | Қазақстан | Қырғыз Респуб-ликасы | Монғолия | Тәжікстан | Өзбекстан |
|---|---|---|---|---|---|
| Төмен | 28.8 | 37.3 | 27.5 | 16.3 | 16.3 |
| Баяу | 12.5 | 13.3 | 26.3 | 42.5 | 14.0 |
| Ауыр | 7.5 | 16.9 | 10.0 | 30.0 | 17.4 |
| Барлығы | 48.8 | 67.5 | 63.8 | 88.8 | 47.7 |

Көз(дер): Сентинельдік зерттеулер (2003).

**3-кесте. 2-15 жас аралығындағы балаларда фолий қышқылы жетіспеушілігінің таралуы (%)**

| Ел | Қазақстан | Қырғыз Респуб-ликасы | Монғолия | Тәжікстан | Өзбекстан |
|---|---|---|---|---|---|
| Төмен | 20.5 | 13.4 | 47.5 | 21.3 | 10.5 |
| Ауыр | 62.8 | 84.2 | 37.5 | 36.3 | 5.8 |
| Барлығы | 83.3 | 97.6 | 85.0 | 57.5 | 16.3 |

Көз(дер): Сентинельдік зерттеулер (2003).

Йод тапшылығы ұрықтың ақыл-ой дамуына теріс әсер етеді, бұған қоса темір тапшылығы ретінде баланың когнитивті дамуын тежейді және жасөспірімдер мен ересектердің ақыл-ой және денесінің жұмысқа қабілетін төмендетеді. Йод және темір тапшылығының жағымсыз салдарлары жас кезде біліне бермейді де, мектепте оқуға және кейін жұмыс істеу қабілетіне кері әсер етеді. Темір тапшылығы ана өліміне әкелетін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Аталған елдерде белең алған фолий қышқылының тапшылығы жаңа туған нәрестелерде жүйке түтікшесінің зақымдануына әкеледі. Көрсетілген микроэлементтердің тапшылығы елдегі халықтың басым көпшілігінің оқуға және жұмысқа қабілеттілігіне қатты әсер етеді, денсаулық

сақтау және білім беру жүйесіндегі жұмыстарда қиындығын туғызады, еңбектің өнімділігін төмендетеді және кедейлік деңгейін арттырады.

ЖКАҚ 9005 жобасы халықтың аз қамтылған тобын микроэлемент тапшылығынан зардап шегушілер, сондай-ақ қатер тобына жақындар ретінде қолдау жасайды; (i) өңірлік маркетинг, дистрибьютерлік желі мен сауда рәсімдерін жасау бойынша институционалдық дамытуды бастады; және (ii) адамның және экономикалық дамудан тұратын тамақтанудың жалпы проблемаларын шешуге өңірлік көзқарастың тиімділігін көрсетті. Жобада төрт негізгі компонент: (i) конференция мен техникалық семинарлар; (ii) тұз бен ұнды тәжірибелі фортификаттау; (iii) нормативтік және заңнамалық кесімдерді қолдау; және (iv) халықтың аз қамтылған тобында фортификатталған азық-түліктерге сұранысын туғызу жөнінде әлеуметті маркетинг бар. Іс-шаралардың көпшілігі әр елдің бірнеше пилоттық ауданында жүзеге асырылды.

ЖКАҚ 9005 жобасының тікелей және каталитикалық әсерлерінің арқасында аталған елдер жалпыға бірдей тұзды йодтауға қарай айтарлықтай бет алды және ұнды фортификаттауды бастады. Ұмтылудың, тұзды йодтаудың және темір мен фолаттар тапшылығы жаюының шектеулі табыстарының 10 жыл өткеннен кейін ЖКАҚ 9005 микроэлемент жетіспеушілігінің негізгі проблемаларына бағытталған ұлттық қозғалыс пен іс-қимыл атмосферасын құрды. Екі жылдың ішінде Жоба йодталған тұз өндірудің елеулі ұлғаюына және қолдайтын заңнаманы қабылдауға қол жеткізді. Осы кезде ЖКАҚ 9005 жобасының басында ЖЙТ туралы Заң Қырғыз Республикасында қабылданды, 2002 жылы ЖЙТ туралы заңнама Тәжікстанда, ал 2003 жылы Қазақстан Z030489 P030086 мен Монғолияда күшіне енді. Өзбекстан осындай заң жобасын әзірлеу үстінде. Тұзды йодтау нормасы әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілді. Кейбір тұз өндірістері калий йодатын донорлық жеткізуден сатып алуды қосалқы қаржыландыруға көшіп, маңызды қадам жасады.

Кейбір өңірлердегі елдерде басталған ұнды фортификаттау процесі табысты іс-шараларға айналды, оның нәтижесі заңнамалық және нормативтік базаны өзгертудің қажеттілігі болды. Пилоттық кәсіпорындарда тәжірибелі технолог-ұн өндірушілердің басшылығымен эксперименталдық өндіру халықаралық стандарттарға сәйкес фортификаттау жүйесін енгізу мүмкіндігін берді, бұл елдерге қорытындыда мейлінше үнемдейтін жабдыққа қол жеткізуге ықпал етеді. Жабдықты жеткізуші барынша арзан бағамен Орталық Азия үшін жабдықтың модификациясын жасады. ЖКАҚ 9005 жобасы тұз бен ұнды фортификаттау арқылы тамақтануды жақсарту үшін импульс жасады және отбасына микроэлементтерге бай жаңа негізгі азық-түлікті енгізді.

Сол кезде мұндай елеулі жетістіктер үкіметтерге және жекеменшік тұз және ұн кәсіпорындарының иелеріне ЖЙТ-ті енгізудің және бидай ұнын фортификаттауды мүмкін екендігін көрнекі түрде көрсетті, үкімет пен жекеменшік сектор да барлық оңды нәтижелер оларға орнықтылық берілмесе, жойылып кетуі мүмкін екенін түсінді. ЖКАҚ 9005 Жобасын іске асыру тәжірибесі үкіметтер мен жекеменшік секторға азық-түлікті

орнықты фортификаттау үшін кезеңдерді айқындауға, сондай-ақ орындаудың қажеттігін әлі де түсіндіруге ықпал етеді.

Өзбекстанда қазіргі кезде өндірілетін тұздың 70 пайызы йодталады деп айтылса да, соңғы үш жылда 30 пайыздық, ал Қазақстанда 80 пайыздық өсімге сәйкес келеді, халықаралық және ұлттық межелерге, сондай-ақ тұрақты әрі үздіксіз өнімді 2005 жылға дейін - 90 пайызға жеткізу үшін күш салу қажет. Кейбір елдерге өндірісті және йодтау технологиясын жақсарту керек, ал бес елдің барлығына калий йодатын тұрақты сатып алудың рәсімдерін дамыту қажет. Жалпыға бірдей тұзды йодтауды енгізу жолымен және кеңінен таралатын қол жетімді, бағасы бойынша қолайлы йодталған тұз жасай отырып, Жоба халықтың аз қамтылған топтарының йодталған тұзды тұтынуын қамтамасыз етеді. 2004 жылғы 30 маусымда, ЖКАҚ 9005 Жобасының соңында бидай ұнының үштен бірі фортификатталады деп күтілді. Алайда аталған мақсат 2003-2004 жылы күтпеген жерден бидайдың тапшылығы салдарынан толық көлемде орындалмауы да мүмкін.

ЖКАҚ 9005 Жобасымен салыстырғанда, ұсынылатын жоба ең бастысы азық-түлікті фортификаттаудың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік және жекеменшік секторлардың әлеуетін жасайтын болады. Жоба техникалық жүзеге асырылуы ЖКАҚ 9005 Жобасымен дәлелденген тұз бен ұнды фортификаттауға бағытталатын болады. Жоба жекеменшік тұз және ұн кәсіпорындарына қажетті ақпарат алуға, сауда жүргізуге және өздігінен фортификанттар мен жабдықтарды сатып алуға көмек көрсетеді. Жоба сондай-ақ әлемдік премикс өндірушілермен байланыс орнату және өңірдегі премикс өндіруді көтермелеу арқылы премикс сатып алу жөніндегі проблемалы мәселені шешуге ықпал етеді. Бұған қоса жоба тұтынушылардың сапа стандарттарына сай фортификатталған азық-түліктерді алуы үшін мемлекеттік және жекеменшік секторда сапаны бақылау жүйесін нығайтатын және дамытатын болады.

Ұн өндірушілерді азаматтық қоғам топтарымен және БАҚ-пен біріктіретін әлеуметтік маркетинг жөніндегі жақсарған және кеңейген кампания жаңа фортификатталған бидай ұны мен нан өнімдеріне, әсіресе ТТА бойынша ең жоғары қатер тобын білдіретін аз қамтылған отбасыларда сұранысты арттырады. Жоба сондай-ақ йодталған тұздың сапасын тұтынушылардың бақылауына көмектеседі. Жалпыға бірдей тұзды йодтау барлық аз қамтылған адамдарға сапалы йодталған тұзға қол жеткізуіне ықпал етеді. Фортификатталған ұн фортификатталмаған ұнның бағасымен бірдей бағамен сатылады. Аз қамтылған және ауылдық отбасылардың фортификатталған ұнға қол жеткізуін арттыру үшін Жоба оның көтерме-бөлшек саудада сатылу процесін зерделейді және шағын диірмендерде ұнды фортификаттауды қоса алғанда фортификаттаудың басқа жолдарының техникалық-экономикалық мүмкіндіктерін зерделеуге және үйде қолдану үшін фортификатталған қоспаларды пайдалануға қолдау көрсетеді.

Жоба, әсерін бағалауды; өңірде кеңінен техникалық ақпарат алмасуды; барлық елді

қамтитын оқуды; Жобаның Веб-сайтына қатысу арқылы пайда түсіретін сабақтармен және тәжірибе алмасуды қоса алғанда ЖКАҚ 9005 Жобасымен қол жеткен нәтижелерден бастау алады. Бірінші Жобада жасалған тақырыпты пайдалану экономикалық тиімділікті және қатысушы елдердің қолы жететін барлық техникалық ресурстарды арттырады. Халықаралық көмек жалғасатын болады, бірақ шектеулі негізде және негізгі міндеттерге қол жеткізу жөніндегі негізгі іс-шараларға қол жеткізуге бағытталады. Жобаның әсерін бағалау бойынша консультациялық көмек, Жобаның Веб-сайтын дамыту және ұстау Қазақ тағамтану академиясы арқылы жүзеге асырылатын болады. Соңында Жобаны басқару жөніндегі стратегиялар Жобаның қазір бар және оқыған қатысушы топтары әзірлейтін болады. Бұл елдік және өңірлік ұжымдарды сатып алу, әкімшілендіру, қаржылық және есептілік рәсімдерге оқытуға ЖКАҚ 9005 Жобасының барысында салынған елеулі инвестицияларды жұмсауға және жаңа жобаның экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

**4. Жаңалықтар**

Жобада қабылданған өңірлік көзқарас қарапайым емес және инновациялық болып табылады. Әлем елдерінің кейбірінде ғана мемлекеттік басқару жүйелерінің, әкімшілік нормаларының, жалпы технологиялық және зерттеу мұраларының ұқсастығы бар. Аталған елдер бастапқы позицияға ұқсас асты тоя ішпеу проблемаларын шешуге кіріседі, сондай-ақ ауылдық аймақтардың демографиялық құрамы бойынша ұқсастығы көп. Өңірлік және ұлттық компоненттерді Жобаның құрылымына ұштастыру еларалық оқуға, ақпарат алмасуға және консультациялық көмекке ықпал етеді. Консультанттар мен фасилитаторлардың өңірлік ұжымдарын, Жобаны қолдау және әсерін бағалауды; жабдықтар мен шығыс материалдарын жеткізу бойынша ақпарат алмасуды қоса алғанда, қажетті құрылымдар жасалды, тексерілді және дамытылды. Мұның барлығы, егер жекелеген жобалар әр елде жүргізілгенге қарағанда, шығыстарды жеңілдетеді және үнемді етеді.

Жобаның барысында құрылған мемлекет пен жекеменшік сектор арасындағы серіктестіктің маңызы зор. Денсаулықты сақтау қоғам игілігі, ал ЙТА мен ТТА - денсаулық сақтаудың негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Ұнды йодталған тұзбен қатар, темірмен және фолий қышқылымен байыту денсаулық сақтаудың мейлінше тиімді экономикалық тиімді технологиялары ретінде өзін табысты көрсете білді; сонымен бірге бұл - өзін жекеменшік секторға айнала алатын салалар. Дамушы елдерде микроэлементтік жеткіліксіздікті азайту жөніндегі бағдарламалар мемлекеттік сектордың бастамасы болып табылады және қоғамдық денсаулық сақтау қызметтері жүргізетін сапплементациялар арқылы жүзеге асырылады. Тіпті тұзды йодтау субсидияланды немесе калий йодаты даму жөніндегі агенттіктерге өтеусіз ұсынылды деп негізделді. Жоба Үкімет пен тұз және ұн индустриялары арасындағы тең серіктестікті жасайды және жекеменшік сектордағы серіктестерге денсаулық сақтау проблемаларын шешуге көмектеседі.

Жобаға арнаған өңірлік Веб-сайт бірегей болып табылады. Қазақ тағамтану академиясы әкімшілендіретін және ұстайтын бұл Веб-сайттың "елдік беттері" болады, онда тұз бен бидай ұнын фортификациялау бойынша әр елдің іс-шаралары көрінеді; сондай-ақ жобалық іс-шаралар мен консультациялық көмек бойынша ақпарат алмасуға ықпал етеді. Бұл Веб-сайт сонымен бірге Жобаның қатысушыларын Жоба бойынша басқа елдерден ақпарат пен тәжірибе, туындайтын проблемаларды шешу үшін халықаралық көздерді алуға арналған жаңа еркін арнамен қамтамасыз етеді. Веб-сайтты қолдау орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады, бұл Жоба бойынша іс-шаралардың көрнекілігін қамтамасыз етеді; бұған қоса, халықаралық серіктестердің комментарийлерін белсенді сұрайтын болады.

Аталған Жобаның басқа инновациялық аспектісі басқарушы комитеттердің секторaралық қызметі болады және азаматтық қоғам, жекеменшік және мемлекеттік секторлар ұйымдарының мұндай қатысу деңгейі әр елде фортификациялау жөніндегі тиімді әрі қажетті шараларды жасауға мүмкіндік береді. Тұтынушылардың негізгі топтары, елдік және халықаралық ҮЕҰ ауыл халқының арасында йодталған тұз бен фортификацияланған ұнды пайдалануды насихаттауға бағытталған коммуникациялық іс-шаралар мен әлеуметтік маркетингті қолдауға дайындығын білдірді. Бастапқы коммуникациялық стратегиялар бірінші Жобаның барысында әзірленген болатын; онда әлеуметтік маркетинг жөніндегі іс-шаралардың бірінші кезеңі жүргізілмеген болатын. Жоба алынған тәжірибені дамыту, коммуникациялық материалдарды жоспарлауды және сапасын жетілдіру үшін қажетті ресурстарды бөледі және әлеуметтік маркетинг бойынша қарқынды әрі болашағы зор басым күш салады.

Бұл инновациялық деректер сипатталады және Веб-сайт арқылы осы елдерде және солар үшін жаңа жобалар әзірлейтін ұлттық және халықаралық топтарға беріледі.

**5. Орнықтылығы**

Орнықтылық Жобаның басты мақсаты болып табылады. Азық-түлікті фортификациялау тұз бен ұнды фортификациялау маңызды әрі табысты; нормативтік базамен бекітілген және тұтынушылар үшін қолайлы болып табылғанда орнықты болады. Онда тұтынушылар ерікті түрде өздеріне бағаны аз ғана көтереді, сол кезде қаражатты елеулі үнемдеу ретінде емдеуге мемлекеттік және жекеменшік шығыстарды төмендету, сондай-ақ оқушылардың қабілеттерінің артуы арқасында оқытудың экономикалық тиімділігіне қол жететін болады. ЖКАҚ 9005 Жобасы барысында техникалық құзыреттілікте және заңнамалық және нормативтік базаларға өзгерістер енгізуді қажет ететін түсінудің елеулі прогресіне қол жеткізілген болатын. ЖКАҚ 9005 Жобасын қарқынды жүзеге асырудағы 2 жыл азық-түлікті фортификациялаудың өміршеңдігі мен тиімділігін дәлелдеу үшін жеткілікті болды, алайда негізгі институционалдық өзгерістерді аяқтау - жаңа заңнаманы жасау және енгізу үшін, жекеменшік секторды және әлеуметтік жұмылдыруды дамыту - орнықты сипаттағы фортификациялауды беру үшін жеткіліксіз болды. Нәтижелер мәлімделген

басымдықтар мен үкіметтік инспекторлардың, тұз өндірушілер мен ұн өндірушілердің күнделікті қызметі бойынша ғана жеткілікті деп саналмайды. Тұтынушы сұранымы елдер қатарында орнықты және тұрақты болуы тиіс.

Жоба жетістіктерді бекітуді және оларға орнықты сипат беруді қарастырады. Бірінші Жобадан айырмашылығы ТК қаражатын бөлу басымдықтары өзгереді, олардың басым көпшілігі жекеменшік сектор, мемлекеттік сектор және коммуникация мен насихаттау үшін көзделген. Шын мәнінде, Жоба фортификанттарды немесе фортификацияланған жабдықты сатып алуға қаржылай қолдау көрсете алмайды. Жоба бірқатар елдерде тұзды йодтау процесін жетілдіруді; өңірде бидай ұнын фортификациялауды қолдану; сапаны перманентті бақылауды енгізу және сатып алудың халықаралық танылған рәсімдерін қамтамасыз етеді. Негізгі салмақ негізгі тұтыну тағамдары ретінде фортификацияланған ұн мен тұздың ұлттық лидерлерін қолдауға және осы азық-түліктерге халық арасында әсіресе, кедейлердің сұранысын арттыруға жасалатын болады. Бұл әрекеттер жалпыға бірдей тұзды йодтаудың тұрақты мәртебесін беруге және әр елдің жалпыға бірдей бидай ұнын фортификациялау қозғалысына бағытталған.

**6. Қатысу ұстанымдарына көзқарас**

ЖКАҚ 9005 Жобасының жағдайы, аталған Жобаны жүзеге асыру мынадай үш негізгі шаралар бойынша жүргізілетін болады:

(i) Йодталған тұз бен фортификацияланған ұнға өңірде тұтынушылар сұранысын арттыру арқылы жекеменшік сектордың инвестициясын ынталандыратын мемлекеттік-жекеменшік коалиция. Бұл кедейлікті және аналар мен балалардағы жасырын аштықты азайтуға көмектеседі.

(ii) Орталық Азиядағы баланы дамытудың ұзақ мерзімді жақсартуды қамтамасыз ететін стратегиялық және сауда реформаларын ынталандыру үшін көптеген шетелдік ұйымдар мен дамушы елдер арасындағы өңірлік серіктестік.

(iii) Темірді сапплементациялаумен немесе балаларға фортификацияланған азық-түліктерді тегін таратумен қатар йодталған тұз бен фортификацияланған ұнның алға жылжуы үшін үкіметтермен және ҮЕҰ-ға тартылған азаматтық қоғам мен әлеуметтік маркетинг кампаниясындағы тұтынушылардың көпшілік ұйымдары арасындағы серіктестік.

Жоба үкіметтік органдардағы, тұз бен ұн өндіретін жекеменшік және мемлекеттік компаниялардағы, техникалық және зерттеу институттарындағы және кең ауқымдағы тұтынушылар ұйымдарындағы қатысушылардың арасында тығыз ынтымақтастыққа сүйенеді. Кең ауқымды ұстаным бірінші жобаның ұйымдық жетістіктеріне негізделетіндіктен, сондай-ақ кең ауқымды қамтитындықтан, Жобада қамтамасыз етілетін болады. Бес елде жобаны қолдау жөніндегі азаматтық қоғам топтары құрылған болатын, олар өздерінің құзыреттіліктерін әлеуметтік жұмылдыруда және әлеуметтік маркетингте көрсетті.

| Негізгі бенефициар-лар мен қозғалған топтар және сипаттау | Басқа да негізгі серіктес-тіктер және қысқаша сипаттау |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Қазақстанның, Қырғыз Республикасының, Монғолияның, Тәжікстанның және Өзбекстанның халқы, әсіресе әйелдер мен балалар Жобадан ұтатын болады | * Денсаулық сақтау, білім, сауда, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы<br>* Тұз өндірушілер қауымдас-тықтары, астық өңдеушілер<br>* Тұтынушылар қоғамы<br>* Денсаулық сақтау мен тамақтану ғылыми-зерттеу институттары<br>* Шетелдік ұйымдар мен ҮЕҰ: Ұлттық Қызыл Крест, Халықаралық Қызыл Крест органдары, "Спасем детей", Ұлыбритания, Ага Хана Қоры,; АҚШ-тағы ауруларды бақылау жөніндегі орталық; ЮНИСЕФ; Дүниежүзілік Азық-түлік бағдарламасы; Бүкіләлемдік банк (денсаулық сақтау ісін реформалау жөніндегі бағдарламалар) |

**7. Үйлестіру**

ЮНИСЕФ пен Қазақ тағамтану академиясы Жобаны толық жүзеге асыру барысында АДБ-ның негізгі серіктестері болып табылады. Швейцария Қызыл Крест жалпы деңгейде йодталған тұздың сапасын бақылау жобасына қатыстырылған. Бүкіләлемдік Банк әзірше Орталық Азияға тамақтану жөніндегі жобаға белсенді тартылған жоқ, алайда денсаулық сақтау секторында жоспарланатын жобалардың компоненті ретінде мұндай қызметке қызығушылық танытып отыр; ынтымақтастықтың мүмкіндіктері зерделенеді.

**8. Шығыстар сметасы**

Шығыстар сметасы жөніндегі кесте 2-қосымшада беріледі.

**С. АДБ стратегияларымен және АДБ қаржыландыратын бағдарламалармен байланыс**

**1. АДБ стратегияларымен байланыс**

| Құжат | Құжат-тың N | Соңғы талқылаған күн | Мақсат(тар)ы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | Саммиттің арнайы мақсаттары темір мен йод тапшылығын қоса алғанда, микроэлемент жеткіліксіздігін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Балаларға арналған Дүниежүзілік Саммит | | 1990 ЙТА алдын алуға салым 2003 жылы қайта қаралуы тиіс | нақты жою жөніндегі шаралар болды. Барлық қатысушы елдер осы мақсатқа жетуге міндеттеме қабылдады. АДБ стратегиялары Денсаулық сақтау секторы үшін саммиттің мақсатын дұрыс таниды және қолдайды |
| Қырғыз Республика-сында 2003-2005 жылдарда кедейлікті азайту стратегиясы | | 2003 | Тұз бен ұнды фортификациялау денсаулықты сақтау жөніндегі басым іс-шараларға енгізілді |
| Денсаулық сақтау Секторына арналған АДБ стратегиясы | | 1999 | Стратегия Дамушы елдерде-мүшелерде денсаулықты сақтау жөніндегі негізгі іс-шаралар ретінде азық-түлікті фортификациялауды бекітеді |
| Тамақтану және дамыту жөніндегі АДБ жарияланымдар сериясы | | Алғаш 2001 жылы жарияланды | Серия асты тойып ішпеудің ауыр салдарларын белгілейді және микроэлемент жеткіліксіздігін азайту немесе жою үшін мейлінше экономикалық тиімді әрекеттер ретінде азық-түлікті фортификациялау насихаттайды |

**2. АДБ қаржыландыратын бағдарламалармен байланыс**

Жоба Қоғамдық денсаулық сақтау секторының денсаулықты сақтау жөніндегі көмегін жетілдіру арқылы балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған төмендегі барлық бағдарламалармен байланысты

| | |
|---|---|
| Жобаның атауы | Қоғамдағы жас балаларды дамыту жөніндегі жоба |
| Жобаның нөмірі | 2007 KGZ |
| Кеңестің бекіткен күні | 2003 жылғы 29 қыркүйек |
| Қарыз сомасы (млн. $) | $10,500,000 |

**3. Жобаны дамыту жөніндегі мақсаттар:**

Жобаның мақсаты 12 кедей аудандағы туғаннан бастап 8 жасқа дейінгі балалардың денсаулығын, тамақтануы мен психоәлеуметтік дамуын жақсарту болып табылады. Жобаның ерекше мақсаты: (i) БӨК пен 5 жасқа дейінгі балалардың өлім жағдайларын азайту; (ii) йод тапшылықты аурулары азайту; (iii) балалар мен жүкті әйелдердегі ТТА азайту; (iv) мектепке дейінгі жастағы балалардың психоәлеуметтік дамуын жақсарту.

**Жобаның негізгі компоненттері**

| N | Компоненттің атауы | Қысқаша сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Баланың денсаулығы мен тамақтануы | Балаларды жалпы иммундауды жүргізу. Жоба вакциналарды және қатысушы аудан орталықтарынан бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) пунктіне дейін "суықта" тиімді тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жабдықтарды сатып алуды қамтамасыз етеді. Балалардың өлім-жітімін азайту. Жоба БМСК қызметкер-лерін (фельдшерлерді) пилоттық аудандарда Балалар Ауруларының Интеграцияланған Түрлеріне (БАИТ) оқытуды қамтамасыз етеді. Жоба сондай-ақ БМСК пункттеріне қажетті БАИТ жүзеге асыру үшін қажетті дәрілер мен медициналық керек-жарақтарды қамтамасыз етеді. ЙТА мен ТТА азайту. Жоба әлеуметтік жұмылдыруға, әсіресе, қауымдағы йодталған тұздың мониторингі және бөлшек саудасына қаржылай қолдау көрсетеді. Жоба тест-индикаторларды, ақпарат-ты, оқытуды және коммуника-циялық материалдарды қамтамасыз етеді. БМСК пункттерін жөндеу жұмыстары. Бұл суб-компонент күрделі жөндеуді қажет ететін БМСК пункттерін қалпына келтіруге бағытталған. |
| | | Үйде және қауымдарда мектепалды оқыту. Жоба (i) ауылдық билік орындарымен жұмыс істейтін, қауымды |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Жас балаларды жүргізу және оқыту | жұмылдыратын және қауымдарда мектепке дейінгі бағдарламаны ынтагерлік танытатын бала мен отбасы жөніндегі үйлестіруші-лерге; (ii) үйде немесе қауымдарда мектепке дейін оқыту үшін аудандағы ресурс-тық орталық болып жұмыс істейтін бір балабақшаға; (iii) балаларды оқыту үшін қажетті әдістемелік және шығыс материалдарымен, сондай-ақ ауылдық билік иелеріне қажетті жеткізілім-дермен қамтамасыз ету; (iv) қауымдық және үйден оқытатын балабақшалардың даярлық курстарының оқытушыларын оқытуға қолдау көрсетеді және олардың жұмыстарын бақылайды. |
| 3 | Потенциалды нығайту | Ауылдық ұжымдар билігінің потенциалын нығайту. Балалар мен жанұялар координаторлары ауылдық әкімшілік өкілдерін жобалық іс-шараларды және балалар мен жанұяны жоспарлау сұрақтарын іске асыруға үйренеді. Координаторлар жергілікті тұрғындардан конкурс негізінде таңдалады. Келісім екі жылдық мерзімге жасалынып жоба бойынша қаржыландырылады. |

| | |
|---|---|
| Жобаның атауы | Денсаулық сақтау Секторын дамыту жөніндегі екінші Жоба |
| Жобаның нөмірі | Қарыз 1998 MON |
| Кеңестің бекіткен күні | 2003 жылғы 5 маусым |
| Қарыз сомасы (млн.$) | $14,000,000 |

